

**«Ақтөбе қаласының білім бөлімі» ММ
«№24 «Аққу» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК**



Педагогикалық кеңес отырыстарының хаттамалары

«№24 «Аққу» балабақшасы» МКҚК
2021-2022 оқу жылының
I – педагогикалық кеңес отырысы (онлайн)
Хаттама №1

Өткізілген күні: 31.08.2021 ж.

Қатысқаны: 13

Қатыспағаны: жоқ

Тақырыбы: Балабақшаның жана 2021- 2022 оқу жылына дайындығы

Күн тәртібінде:

1. Жазғы сауықтыру - шынықтыру шараларының қорытындысы.
2. «№24 «Аққу» балабақшасы» МКҚК – ның жана 2021-2022 оқу жылына дайындығы
3. Ұжымды тамыз конференциясының материалдарымен, 2020-2021 оқу жылындағы білім саласының мониторингімен таныстыру
4. «Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдарында және мектепалды даярлық сыныптарында 2021-2022 оқу жылында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы» әдістемелік нұсқау хатпен таныстыру
5. Ұжымды 2021 – 2022 оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспарымен таныстырып, бекіту
6. 2021-2022 оқу жылының оқу жұмыс жоспарын, адаптивтік бағдарламаларын, перспективалық жоспарлардың өтпелі тақырыптарын, ұйымдастырылған оқу қызметінің кестелерін, топтар бойынша күн тәртібін бекіту және мамандардың жұмыс кестесін бекіту
7. Аттестаттау комиссиясының жұмыс жоспарын талдау
8. 2021-2022 оқу жылына құрылған шығармашылық топтың құрамын бекітіп, жұмыс жоспарын талдау
9. Тәрбиешілердің жана оқу жылына дайындықтары туралы мәліметтерін тыңдау
10. «Балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау» (баяндама)

«№24 «Аққу» балабақшасы» МКҚК-ның меңгерушісі Салыкова А.К. педагогтарды жана оқу жылының бастылуымен құттықтап, жана оқу жылында жана табыстарға жете берудерін тіледі. Меңгеруші Ақтөбе облысы әкімдігінің 2021 жылғы 21 маусымдағы №202 қаулысына сәйкес мектепке дейінгі ұйымымыздың атауы өзгергенін айтты. Енді мекеменің атауы: «№24 «Аққу» балабақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны. Және де жазғы мезгілінде жасалған жөндеу жұмыстарына тоқталды.

Әдіскер Базарбаева З.И. жазғы сауықтыру кезеңінде жүргізілген жұмыстарды қорытындылап, барлық өткізілген іс-шараларды атап шықты.

Әдіскер биылғы Ақтөбе қаласының білім беру саласы қызметкерлерінің тамыз кеңесі онлайн режимде өткізілгенін және әр секция бойынша оларға біздің педагогтарымыздың қатысқандарын айтты. 2020-2021 оқу жылындағы білім саласының мониторингімен таныстырып, Ақтөбе қаласының мектепке дейінгі мекемелерінің 2020-2021 оқу жылындағы жұмыстарының рейтингі туралы айтты.

Әдіскер педагогикалық ұжымды «Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдарында және мектепалды даярлық сыныптарында 2021-2022 оқу жылында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы» әдістемелік нұсқау хатпен таныстырды. Нұсқау хаттың барлық бөлімдері педагогтар арасында талқыланды. Сонымен қатар, «Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі»-мен таныстырды. Және де педагогтарға карантиндік режимі қатандаған кезде «Коронавирустық инфекцияның таралуына байланысты шектеу шаралары кезеңінде мектепке дейінгі ұйымдар мен мектепалды даярлық сыныптарында ұйымдастырылған оқу қызметтерін ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар» жұмыс барысында қолданылатынын айтты.

Әдіскер балабақшамыздың жаңа 2021-2022 оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспарымен таныстырып, жыл бойы жасалатын жұмыстарды талқылады. Сонымен қатар, педагогикалық ұжымды 2021-2022 оқу жылына арналған оқу жұмыс жоспарымен, ұйымдастырылған оқу қызметтерінің кестелерімен, күн тәртібімен, оқу жұмыс жоспарының вариативтік компоненті бөліміне кіретін адаптивтік бағдарламалармен таныстырды. Әр топтың жас ерекшелігіне сай өтпелі тақырыптар талқыланып, бекітілді. Әдіскер топтардың перспективалық жоспарларын білім берудің жаңа мазмұны бойынша құруды ұсынды. Педагогикалық шеберлік орталығының Ақтөбе қ. филиалынан курстан өткен педагогтерге перспективалық жоспар мен циклограмманы білім берудің жаңашыл мазмұны бойынша құру үлгілерін түсіндіру үшін әдістемелік отырысқа дайындалып келулерін тапсырды.

Әдіскер Базарбаева З.И. наурыз айында келесі құрамда аттестаттау комиссиясының құрылғанын айтты:

Аттестаттау комиссиясының төрағасы:

Садыкова А.К.

Аттестаттау комиссиясының төрағасының орынбасары :

Симанова Ш.К.

Комиссия мүшелері:

Көшербаева Г.Б.

Юлдашова Г.Х.

Кабылғалимова Г.А.

Хайруллина З.Д.

Хатшы:

Және осы құрамда аттестаттау комиссиясы өз жұмысын жалғастыратынын айтты. Аттестаттау комиссиясының жұмыс жоспары талқыланып, бекітілді. Аттестаттаудан өтуге үміткер педагогтерге нұсқаулар берілді.

Әдіскер Базарбаева З.И. 2021-2022 оқу жылына шығармашылық топ құрамын тағайындауды ұсынды. Келесі құрамда шығармашылық топ тағайындалды:

Симанова Ш.К. - шығармашылық топтың жетекшісі

Карамульдина Ж.И. - хатшысы

Көшербаева Г.Б.

Ташранова А.М.

Және шығармашылық тобының жұмыс жоспары талқыланды.

Тәрбиешілер жана оқу жылына дайындықтары туралы мәлімет берді.

Медбике Жумашева А.А. «Балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау» тақырыбында баяндама оқып, педагогтарға нұсқаулар берді.

Шешім:

1. Жазғы сауықтыру - шынықтыру шараларының ұйымдастырылуы «жақсы» деп бағалынсын.
2. Барлық топтар жана оқу жылында балаларды қабылдауға толық әзірленсін. Коронавирустық инфекцияның таралуына байланысты шектеу шаралары кезеңінде мектепке дейінгі ұйымдардың қызметіне қойылатын талаптар толық сақталынсын.
3. 2021-2022 оқу жылында жүргізілетін жұмыстар мекеме рейтингін көтеру мақсатына бағытталсын.
4. «Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдарында және мектепалды даярлық сыныптарында 2021-2022 оқу жылында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы» әдістемелік нұсқау хат жұмыс барысында басшылыққа алынсын.
5. 2021-2022 оқу жылына арналған жұмыс жоспары бекітілсін.
6. 2021-2022 оқу жылының ұйымдастырылған оқу қызметтерінің кестелері, топтар бойынша күн тәртібі, өтпелі тақырыптары бекітілсін.
7. Педагогикалық шеберлік орталығының Ақтөбе қ. филиалынан курстан өткен педагогтерге перспективалық жоспар мен циклограмманы білім берудың жанашыл мазмұны бойынша құру үлгілерін түсіндіру үшін әдістемелік отырысқа дайындалып келсін.

8. 2021-2022 оқу жылының оқу жұмыс жоспарына вариативтік компонент ретінде енгізілетін адаптивтік бағдарламалар қалалық сараптау комиссиясының отырысына жіберілсін
9. Аттестаттау комиссиясының жұмыс жоспары бекітілсін
10. 2021-2022 оқу жылына құрылған шығармашылық топтың құрамы және жұмыс жоспары бекітілсін.
11. Педагогтардың жана оқу жылына арналған барлық құжаттары толтырылсын.
12. Балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау нұсқаулары қатаң сақталынсын

Педагогикалық кеңес төрағасы:

Хатшы:



Садыкова А.К.

Калиева К.Ж.

«№24 «Ақсу» балабақшасы» МКҚК
2021-2022 оқу жылының
II – педагогикалық кеңес отырысы
Хаттама №2

Өткізілген күні: 29.11.2021 ж.

Қатысқаны: 13

Қатыспағаны: жок

Тақырыбы: «Инновациялық үдеріс арқылы педагогтардың құзыреттілігін қалыптастырудың маңыздылығы»

Күн тәртібінде:

1. «№24 «Ақсу» балабақшасы» МКҚК - ның I – педагогикалық кеңес отырысында шығарылған шешімдердің орындалуы бойынша қорытынды
2. «Мектепке дейінгі ұйымдарда инновациялық технологияларды тиімді пайдалану жолдары» (баяндама)
3. «Мектепке дейінгі білім берудегі заманауи инновациялық технологиялар» (слайд бойынша кеңес)
4. «Мектепке дейінгі мекемеде Н.А.Зайцев технологиясын қолданудың тиімділігі»
5. «Ф.Фребель әдістемелерінің өзектілігі»
6. «Дамыта оқыту технологиясының ерекшелігі»
7. «Мнемотехника елінде»
8. Аттестаттауға қатысатын педагогтердің құжаттарын тексеру үшін Сараптамалық кеңесін құру
9. Психологиялық тренинг

«№24 «Ақсу» балабақшасы» МКҚК- ның меңгерушісі Садыкова А.К. II- педагогикалық кеңесті аша отырып, күн тәртібімен таныстырды. 2021-2022 оқу жылының I- педагогикалық кеңесінің отырысында қабылданған шешімдердің орындалуы бойынша қорытынды жасады.

Тәрбиеші Калиева К.Ж. «Мектепке дейінгі ұйымдарда инновациялық технологияларды тиімді пайдалану жолдары» тақырыбында баяндама оқыды. Баяндама тақырыбы бойынша педагогтар өзара пікір алмасып, инновациялық технологияларды қолданудың маңыздылығы жайлы айтты, көптеген сұрақтар қарастырылды.

Тәрбиеші Симанова Ш.К. «Мектепке дейінгі білім берудегі заманауи инновациялық технологиялар» тақырыбында дайындаған слайд көрсетіп, әртүрлі инновациялық технологияларға тоқтала отырып, педагогтарға кеңестер берді. Слайд тақырыбы бойынша педагогтар өзара пікір алмасып, көптеген сұрақтар қарастырылды.

Әдіскер Базарбаева З.И. енді педагогтер әртүрлі инновациялық технологияларға тоқталып, жеке қарастыратынын айтты.

Тәрбиеші Көшербаева Г.Б. Н.А. Зайцев технологиясы туралы айта отырып, «Мектепке дейінгі мекемеде Н.А.Зайцев технологиясын қолданудың тиімділігі» тақырыбында баяндама оқыды. Осы технология педагогтер арасында талқыланып, педагогтер өзара тәжірибе алмасты.

Педагог Хайруллина З.Д. Ф.Фребель технологиясы туралы айта отырып, «Ф.Фребель әдістемелерінің өзектілігі» тақырыбында баяндама оқыды. Осы технология педагогтер арасында талқыланып, педагогтер өзара тәжірибе алмасты.

Тәрбиеші Карамульдина Ж.И. Дамыта оқыту технологиясы туралы айта отырып, «Дамыта оқыту технологиясының ерекшелігі» тақырыбында баяндама оқыды. Осы технология педагогтер арасында талқыланып, педагогтер өзара тәжірибе алмасты.

Тәрбиеші Ташранова А.М. Мнемотехника технологиясы туралы айта отырып, «Мнемотехника елінде» тақырыбында баяндама оқыды. Осы технология педагогтер арасында талқыланып, педагогтер өзара тәжірибе алмасты.

«№24 «Ақсу» балабақшасы» МКҚК меңгерушісі Садыкова А.К. 2021 жылдың 10 қараша күні педагог Қалиева К.Ж. «педагог-модератор» біліктілік санаты бойынша ұлттық біліктілік тестілеуден өткенін айтты. Енді бұл педагог аттестаттауға қатысатынын айтып, оның құжаттарын тексеру үшін Сараптамалық кеңес құруды ұсынды. Педагогтер ақылдаса келе, келесі құрамда Сараптамалық кеңесін құрылды:

Сараптамалық кеңесінің төрағасы: әдіскер Базарбаева З.И.

Мүшелері:

Ташранова А.М.

Карамульдина Ж.И.

Симанова Ш.К.

Көшербаева Г.Б.

Хатшысы: Хайруллина З.Д.

Психолог Зареденова М.К. педагогтар арасында психологиялық тренинг жүргізді.

Шешім:

1. 2021-2022 оқу жылының І- педагогикалық кеңесі отырысында қабылданған шешімдер «орындалды» деп қорытындылансын

2. Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеу үрдісінде қолданылатын инновациялық технологиялар меңгеріліп, жұмыс барысында қолданылсын
3. Н.А.Зайцев технологиясы меңгеріліп, жұмыс барысында қолданылсын
4. Ф.Фребель технологиясы меңгеріліп, жұмыс барысында қолданылсын
5. Дамыта оқыту технологиясы меңгеріліп, жұмыс барысында қолданылсын
6. Мнемотехника технологиясы меңгеріліп, жұмыс барысында қолданылсын
7. Келесі құрамда Сараптамалық кеңесі құрылсын:

Сараптамалық кеңесінің төрағасы: әдіскер Базарбаева З.И.

Мүшелері:

Ташранова А.М.

Карамульдина Ж.И.

Симанова Ш.К.

Көшербаева Г.Б.

Хатшысы: Хайруллина З.Д.

8. Барлық педагогтар өз білімі мен біліктілігін жетілдіру мақсатында жүйелі түрде жұмыс жасасын

Педагогикалық кеңес төрағасы:

Хатшы:



Садыкова А.К.

Калиева К.Ж.

**«Ақтөбе қаласының білім бөлімі» ММ
«№24 «Аққу» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК
2021-2022 оқу жылының
ІІІ – педагогикалық кеңес отырысы
Хаттама №3**

Өткізілген күні: 28.01.2022 ж.

Қатысқаны: 13

Қатыспағаны: жоқ

Тақырыбы: «Педагогикалық ұжымының оқу жылының бірінші жартыжылдығындағы жұмысының қорытындысы»

Күн тәртібінде:

1. «№24 «Аққу» балабақшасы» МКҚК - ның ІІ – педагогикалық кеңес отырысында шығарылған шешімдердің орындалуы бойынша қорытынды
2. Оқу жылының І- жартыжылдығында жасалған жұмыстарды қорытындылау
3. Балалардың біліктері мен дағдыларының дамуы бойынша жүргізілген мониторинг қорытындысы
4. Педагогтердің оқу жылының бірінші жартыжылдығындағы жүргізілген жұмыстарының есебі
5. Психологиялық тренинг

«№24 «Аққу» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК – ның меңгерушісі Садыкова А.К. ІІІ - педагогикалық кеңес отырысын аша отырып, күн тәртібімен таныстырды. 2021-2022 оқу жылының ІІ- педагогикалық кеңесінің отырысында қабылданған шешімдердің орындалуын қорытындылады.

Әдіскер Базарбаева З.И. слайд көрсете отырып, 2021-2022 оқу жылының І-жартыжылдығында жасалған жұмыстарды қорытындылады. Осы мерзімде педагогтердің қатысқан біліктілік арттыру курстары, жариялаған басылымдары, педагогтер мен тәрбиеленушілердің қатысқан байқаулары, өткізілген шаралар атап көрсетілді.

Әдіскер Базарбаева З.И. қыркүйек және қазан айларында жүргізілген Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын игеру бойынша балалардың біліктері мен дағдыларының дамуына жүргізілген мониторинг қорытындысымен таныстырды, балалардың жеке даму карталары талқыланды.

Тәрбиеші Карамульдина Ж.И. «Жұлдыз» ересек тобының балаларының дамуына жүргізген мониторингін көрсетті, балалармен жүргізілген жеке жұмыстармен таныстырды.

Педагогтер І-жартыжылдықта жүргізген жұмыстарының есебін берді.

Психолог Зареденова М.К. педагогтермен психологиялық тренинг өткізді.

Шешім:

1. 2021-2022 оқу жылының II-педагогикалық кеңесінің отырысында қабылданған шешімдер «орындалды» деп қорытындылансын
2. Балабақшаның 2021-2022 оқу жылының I-жартыжылдығында жүргізген жұмысы «жақсы» деп бағалансын.
3. Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын игеру бойынша балалардың біліктері мен дағдыларының дамуын әлі де жақсарту мақсатында жұмыстар күшейтілсін
4. Педагогтардың өз білімін жетілдіру жұмыстары жалғастырылсын.

Педагогикалық кеңес төрайымы:

Хатшы:



Сыдыкова А.К.

Калиева К.Ж.

«№24 «Аққу» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК
2021-2022 оқу жылының
IV – педагогикалық кеңес отырысы
Хаттама №4

Өткізілген күні: 29.03.2022 ж.

Қатысқаны: 13

Қатыспағаны: 0

Тақырыбы: «Заттық-кеңістіктік дамытушы ортаны ұйымдастыруға қойылатын талаптар»

Күн тәртібінде:

1. «№24 «Аққу» балабақшасы» МКҚК - ның III – педагогикалық кеңес отырысында шығарылған шешімдердің орындалуы бойынша қорытынды
2. «Балабақшадағы пәндік-дамытушы ортаның балаларды әлеуметтендірудегі орны» (баяндама)
3. «Балалардың білім беру салалары бойынша құзыреттіліктерінің дамуына қолайлы заттық-кеңістіктік дамытушы орта ұйымдастыру»
(өз тәжірибелерінен)
4. Психологиялық тренинг

«№24 «Аққу» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК - ның меңгерушісі Садықова А.К. IV – педагогикалық кеңес отырысын аша отырып, күн тәртібімен таныстырды. 2021-2022 оқу жылының III- педагогикалық кеңес отырысында қабылданған шешімдердің орындалуын қорытындылады.

Әдіскер Базарбаева З.И. Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдарында және мектепалды даярлық сыныптарында 2021-2022 оқу жылында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хатта берілген «Заттық-кеңістіктік дамытушы ортаны ұйымдастыруға қойылатын талаптар» педагогтармен біріге талқылады.

Тәрбиеші Симанова Ш.К. «Балабақшадағы пәндік-дамытушы ортаның балаларды әлеуметтендірудегі орны» тақырыбында баяндама оқыды. Тақырып бойынша педагогтардың пікірлері тыңдалып, өз ойларымен бөлісті.

Әр топтың тәрбиешілері өз топтарында балалардың білім беру салалары бойынша құзыреттіліктерінің дамуына қолайлы заттық-кеңістіктік дамытушы ортаның ұйымдастырылуын көрсетті. Әр топтың заттық-кеңістіктік дамытушы орталары талқыланып, қажетті толықтырулар айтылды.

Психолог Зареденова М.К. педагогтармен психологиялық тренинг өткізді.

Шешім:

1. 2021-2022 оқу жылының ІІІ-педагогикалық кеңесінің отырысында қабылданған шешімдер «орындалды» деп қорытындылансын
2. Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдарында және мектепалды даярлық сыныптарында 2021-2022 оқу жылында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хатта берілген «Заттық-кеңістіктік дамытушы ортаны ұйымдастыруға қойылатын талаптар» толық сақталсын
3. Әр топта балалардың білім беру салалары бойынша құзыреттіліктерінің дамуына қолайлы заттық-кеңістіктік дамытушы орта талапқа сай ұйымдастырылып, толықтырулар жасалсын
4. Педагогтардың өз біліктілігін арттыру жұмыстары жалғастырылсын.

Педагогикалық кеңес төрайымы:
Хатшы:



Садыкова А.К.
Жалғашева К.Ж.

«№24 «Аққу» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК
2021-2022 оқу жылының
V – педагогикалық кеңес отырысы
Хаттама №5

Откізілген күні: 31.05.2022 ж.

Қатысқаны: 13

Қатыспағаны: жоқ

Тақырыбы: 2021-2022 оқу жылына құрылған жылдық жоспардың орындалуы

Күн тәртібінде:

1. «№24 «Аққу» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК - ның IV – педагогикалық кеңес отырысында шығарылған шешімдердің орындалуы бойынша қорытынды
2. 2021 - 2022 оқу жылындағы балаларды оқыту – тәрбиелеу жұмысына, жылдық жоспардың орындалуына талдау жасау, есеп беру.
3. 2021-2022 оқу жылының мониторинг қорытындысы.
4. Біліктілік санаттарын арттыруға үміткер педагогтардың тестілеу нәтижелері туралы
5. Балалардың денсаулық көрсеткіштері мен индексі
6. Балалардың мектепке психологиялық – педагогикалық дайындығына талдау жасау
7. Шығармашылық тобының жұмысының қорытындысы
8. Жас мамандармен жұмыс бойынша қорытынды
9. Тәрбиешілердің жыл бойына жасалған жұмыстарының есебі
10. Топтағы ең қызықты іс – шаралар
11. Жазғы сауықтыру – шынықтыру мерзіміне дайындық туралы
12. Жаз сауықтыру кезеңіне арналған жұмыс жоспарларын талдау, бекіту

«№24 «Аққу» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК - ның меңгерушісі Садыкова А.К. V-педагогикалық кеңес отырысын аша отырып, педагогтерді оқу жылының аяқталуымен құттықтады, күн тәртібімен таныстырды. Және де IV – педагогикалық кеңес отырысында қабылданған шешімдерді оқып, олардың орындалуы бойынша қорытынды жасады.

«№24 «Аққу» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК - ның әдіскері Базарбаева З.И. 2021-2022 оқу жылында жүргізілген тәрбиелеу - оқыту жұмысына талдау жасады: «2021-2022 оқу жылында біздің балабақшамыз 2021 жылғы 31 тамызда өткізілген педагогикалық кеңесте отырысында бекітілген жылдық жұмыс жоспары бойынша жұмыс жасады. Оқу жұмыс жоспары Ақтөбе қаласының білім бөлімімен келісіліп, бекітілген. Оқу жұмыс жоспарының вариативтік компоненті ретінде Ақтөбе қаласының білім бөлімінің 2021 жылғы 17 қыркүйектегі №277 бұйрығымен бекітілген ересек топтарына арналған тәрбиеші Ж.И.Карамульдинаның құрастырған «Сауықтыру әлемінде», тәрбиеші А.М.Таширанованың құрастырған «Ғажайып ертегілер» адаптивтік бағдарламалары және ортанғы топтарға арналған дене шынықтыру жетекшісі Г.А.Қабылғалимованың құрастырған «Қызықты жаттығулар» адаптивтік

бағдарламасы алынды. Педагогикалық кеңес отырысында бекітілген 9 айға арналған өтпелі тақырыптар негізінде әр топтың перспективалық жоспары құрылып, бекітілді және әр аптаға циклограммалар жазылды...» 2021-2022 оқу жылында жасалған барлық жұмыстарды, жеткен жетістіктерді әдіскер слайд бойынша көрсетті. Және де 2021 - 2022 оқу жылында жүргізілген жұмыстарының мониторингі қорытындысымен таныстырды.

Әдіскер Базарбаева З.И. 2021-2022 оқу жылында біліктілік санаттарын алу үшін ешбір педагогтар Ұлттық біліктілік тестілеуге қатыспағанын айтты. 2017 жылы «бірінші», «екінші» біліктілік санаттарын алған немесе растаған педагогтердің (Ташранова А.М., Карамульдина Ж.И., Базарбаева З.И., Утенова Ж.Н., Абдиреева Т.О.) біліктілік санаттарының мерзімі аяқталғанын айтып, «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагогтерді және білім және ғылым саласындағы басқа да азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу кағидалары мен шарттарын бекіту туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы №83 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы ҚР Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 12 қарашадағы №561 бұйрығының 2-тарау, 1-параграф, 53 тармағы бойынша осы педагогтердің біліктілік санаттары «педагог» санатына төмендетілгенін айтты. Келесі аттестатау кезеңіне дайындатуды ұсынды. Және де портфолиоларын дайындап, толықтыра беру қажеттігіне тоқталды.

Медбике Жумашева А.А. балалардың денсаулық көрсеткіштерімен таныстырды.

Психолог Зареденова М.К. балабақшамен қоштасатын балалардың мектепке психологиялық – педагогикалық дайындығына талдау жасады.

Шығармашылық тобының жетекшісі Симанова Ш.К. 2021-2022 оқу жылында жасалған жұмыстары бойынша қорытынды есебін берді. Шығармашылық тобының жұмысы «жақсы» деп бағаланды.

Әдіскер Базарбаева З.И. 2021-2022 оқу жылында балабақшада жұмыс жасап жатқан педагогтердің еңбек өтілдері 3 жылдан жоғары болғандықтан жас маманнармен жұмыс жоспары құрылмағанын айтты.

Тәрбиешілер жыл бойына жасаған жұмыстарының есебін беріп, дайындаған слайдтарын көрсетті. Және де оқу жылы барысында топтарда жүргізілген ең қызықты іс-шараларына тоқталды.

Әдіскер Базарбаева З.И. педагогтерді Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында жатғы сауықтыру жұмыстарын ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдармен таныстырып, толық талқылады. Жазғы сауықтыру кезеңінің

айларына арналған өтпелі тақырыптар, күн тәртібі, ҰОҚ кестесі, жазғы сауықтыру кезеңіне арналған жұмыс жоспары қарастырылып, бекітілді.

Медбике Жумашева А.А. жазғы сауықтыру кезеңіне дайындық туралы айтып, жаз мезгілінде балалармен жүргізілетін сауықтыру-шынықтыру шаралары бойынша нұсқаулар жүргізді.

Шешім:

1. «№24 «Ақсу» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК - ның IV – педагогикалық кеңес отырысында қабылданған шешімдер «орындалды» деп қорытындылансын.
2. 2021-2022 оқу жылына құрылған жылдық жоспары «толық орындалды» деп қорытындылансын.
3. 2021-2022 оқу жылындағы барлық педагогтердің атқарылған жұмыстарының нәтижелері, жеткен жетістіктері бойынша жүргізілген мониторинг қорытындысы «Мониторинг көрсеткіші» стендіне ілінсін.
4. Біліктілік санаттарын арттыруға үміркер педагогтер Ұлттық біліктілік тестілеуге баруға дайындалсын және портфолиолары толықтырылсын.
5. Балалардың денсаулығын нығайту мақсатында жұмыстар күшейтілсін.
6. Балалардың мектепке психологиялық – педагогикалық дайындығына алдағы уақытта да көп көңіл бөлініп, осы бағыттағы жұмыстар жалғастырылсын.
7. Шығармашылық тобының 2021-2022 оқу жылында атқарған жұмысы «жақсы» деп қорытындылансын.
8. Жас мамандар болған жағдайда жұмыс жоспары құрылып, олармен жұмыс жүргізілсін.
9. Тәрбиешілердің 2021-2022 оқу жылы барысында жасаған жұмыстары «жақсы» деп бағалансын.
10. Ата-аналармен бірлесе іс-шаралар жүйелі түрде жүргізілсін.
11. Жаз мезгілінде балалармен жүргізілетін сауықтыру-шынықтыру шаралары жүйелі түрде толық жүргізілсін. «Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында жазғы сауықтыру жұмыстарын ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар» жұмыс барысында басшылыққа алынсын.
12. Жазғы сауықтыру кезеңінің айларына арналған өтпелі тақырыптар, күн тәртібі, ҰОҚ кестесі, жұмыс жоспарлары бекітілсін.

Педагогикалық кеңес төрайымы:

Хатшы:



Салыкова А.К.

Калиева К.Ж.

«№24 «Аққу» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК
2022-2023 оқу жылының
I – педагогикалық кеңес отырысы
Хаттама №1

Өткізілген күні: 31.08.2022 ж.

Қатысқаны: 11

Қатыспағаны: жоқ

Тақырыбы: Балабақшаның жаңа 2022- 2023 оқу жылына дайындығы

Күн тәртібінде:

1. Жазғы сауықтыру - шынықтыру шараларының қорытындысы.
2. «№24 «Аққу» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК – ның жаңа 2022-2023 оқу жылына дайындығы
3. Ұжымды тамыз конференциясының материалдарымен, 2021-2022 оқу жылындағы білім саласының мониторингімен таныстыру
4. «Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мен мектепалды сыныптарында 2022-2023 оқу жылында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы» әдістемелік нұсқау хатпен таныстыру
5. Ұжымды 2022 – 2023 оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспарымен таныстырып, бекіту
6. 2022-2023 оқу жылының оқу жұмыс жоспарын, перспективалық жоспарларын, ұйымдастырылған іс-әрекеттерінің кестелерін, топтар бойынша күн тәртібін бекіту
7. Педагогтердің біліктілік санаттарын арттыру бойынша жұмыс жоспарын талдау
8. 2022-2023 оқу жылына құрылған шығармашылық топтың құрамын бекітіп, жұмыс жоспарын талдау
9. Тәрбиешілердің жаңа оқу жылына дайындықтары туралы мәліметтерін тыңдау
10. «Мектеп жасына дейінгі балалардың денсаулығын нығайту» (баяндама)

«№24 «Аққу» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК-ның менеджері Садыкова А.К. педагогтерді жаңа оқу жылының бастылуымен құттықтап, жаңа оқу жылында жаңа табыстарға жете берулерін тіледі. Және де жазғы мезгілінде жасалған жөндеу жұмыстарына тоқталды.

Әдіскер Базарбаева З.И. жазғы сауықтыру кезеңінде жүргізілген жұмыстарды қорытындылап, барлық өткізілген іс-шараларды атап шықты.

Әдіскер биыл 18-26 тамыз аралығында «Білімнің басты құндылықтары: отаншылдық, білімге құштарлық, еңбекқорлық» тақырыбында

Ақтөбе қаласының білім беру саласы қызметкерлерінің тамыз кеңесі өткізілгенін және әр секция бойынша оларға біздің педагогтеріміздің қатысқандарын айтты. 2021-2022 оқу жылындағы білім саласының мониторингімен таныстырып, Ақтөбе қаласының мектепке дейінгі мекемелерінің 2021-2022 оқу жылындағы жұмыстарының рейтингі туралы айтты.

Әдіскер педагогикалық ұжымды «Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары және мектепалды сыныптарында 2022-2023 оқу жылында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы» әдістемелік нұсқау хатпен таныстырды. Нұсқау хаттың барлық бөлімдері педагогтер арасында талқыланды. Соның ішінде, перспективалық жоспар мен циклограмма үлгілері бойынша түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Және де «Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі» талқыланды.

Әдіскер балабақшамыздың жана 2022-2023 оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспарымен таныстырып, жыл бойы жасалатын жұмыстарды талқылады. Сонымен қатар, педагогикалық ұжымды 2022-2023 оқу жылына арналған оқу жұмыс жоспарымен, ұйымдастырылған іс әрекеттерінің кестелерімен, күн тәртібімен таныстырды.

Менгеруші Садыкова А.К. педагогтердің біліктілік санаттарына тоқтала отырып, педагогтердің біліктілік санаттарын арттыру бойынша жұмыс жоспарын талқылады. Біліктілік санаттарын арттыру үшін аттестаттаудан өтетін педагогтерге түсіндірме жасады. 2022-2023 оқу жылына педагогтердің біліктілік санаттарын арттыру бойынша жұмыс жоспары құрылып, бекітілді.

Әдіскер Базарбаева З.И. 2022-2023 оқу жылына шығармашылық топ құрамын тағайындауды ұсынды. Келесі құрамда шығармашылық топ тағайындалды:

Симанова Ш.К. - шығармашылық топтың жетекшісі

Карамульдина Ж.И. -

Көшербаева Г.Б.

Ташранова А.М.

Калиева К.Ж. - хатшысы

Және шығармашылық тобының жұмыс жоспары талқыланды.

Тәрбиешілер жаңа оқу жылына дайындықтары туралы мәлімет берді.

Медбике Жумашева А.А. «Мектеп жасына дейінгі балалардың денсаулығын нығайту» тақырыбында баяндама оқып, педагогтерге нұсқаулар берді.

Шешім:

1. Жазғы сауықтыру - шынықтыру шараларының ұйымдастырылуы «жақсы» деп бағалынсын.
2. Барлық топтар жаңа оқу жылында балаларды қабылдауға толық әзірленсін. Коронавирустық инфекцияның таралуына байланысты шектеу шаралары кезеңінде мектепке дейінгі ұйымдардың қызметіне қойылатын талаптар толық сақталынсын.
3. 2022-2023 оқу жылында жүргізілетін жұмыстар мекеме рейтингін көтеру мақсатына бағытталсын.
4. «Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мен мектепалды сыныптарында 2022-2023 оқу жылында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы» әдістемелік нұсқау хат жұмыс барысында басшылыққа алынсын.
5. 2022-2023 оқу жылына арналған жұмыс жоспары бекітілсін.
6. 2022-2023 оқу жылының ұйымдастырылған іс әрекеттерінің кестелері, топтар бойынша күн тәртібі бекітілсін.
7. 2021-2022 оқу жылының оқу жұмыс жоспарына вариативтік компонент ретінде енгізілетін адаптивтік бағдарламаларды тоқтатуға сұраныс қалылық сараптау комиссиясының отырысына жіберілсін.
8. Педагогтерін біліктілік санаттарын арттыру бойынша жұмыс жоспары бекітілсін.
9. 2022-2023 оқу жылына құрылған шығармашылық топтың құрамы және жұмыс жоспары бекітілсін.
10. Педагогтердің жаңа оқу жылына арналған барлық құжаттары толтырылсын.
11. Балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау нұсқаулары қатаң сақталынсын.

Педагогикалық кеңес төрағасы:

Хатшы:



Садықова А.К.

Қалиева К.Ж.

«№24 «Аққу» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК

2022-2023 оқу жылының

II – педагогикалық кеңес отырысы

Хаттама №2

Өткізілген күні: 29.11.2022 ж.

Қатысқаны: 11

Қатыспағаны: жоқ

Тақырыбы: «Балалармен жұмыстағы денсаулық сақтау технологиялары»

Күн тәртібінде:

1. «№24 «Аққу» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК - ның I – педагогикалық кеңес отырысында шығарылған шешімдердің орындалуы бойынша қорытынды
2. «Тәрбиеленушілердің денсаулығын сақтау – басты міндетіміз» (баяндама)
3. «Денің сау болсын!» (денсаулық туралы бейнеролик)
4. «Топтарда ұйқыдан кейінгі шынықтыру шараларының ұйымдастырылуы»
5. «Мектепке дейінгі мекемеде инклюзивті тәрбиені ұйымдастыру»
6. Психологиялық тренинг

«№24 «Аққу» бөбекжай - балабақшасы» МКҚК-ның меңгерушісі Жанжигитова Ф.Ж. II- педагогикалық кеңесті аша отырып, күн тәртібімен таныстырды. 2022-2023 оқу жылының I- педагогикалық кеңесінің отырысында қабылданған шешімдердің орындалуы бойынша қорытынды жасады.

Педагог Кабылғалимова Г.А. «Тәрбиеленушілердің денсаулығын сақтау – басты міндетіміз» тақырыбында баяндама оқыды. Баяндама тақырыбы бойынша педагогтер өзара пікір алмасып, көптеген сұрақтар қарастырылды.

Тәрбиеші Калиева К.Ж. ««Денің сау болсын!» тақырыбында денсаулық туралы бейнеролик көрсетіп, денсаулық сақтау технологияларына тоқтала отырып, педагогтерге кеңестер берді. Бейнеролик тақырыбы бойынша педагогтер өзара пікір алмасып, көптеген сұрақтар қарастырылды.

Тәрбиешілер топтарда ұйқыдан кейінгі шынықтыру шараларының ұйымдастырылуы туралы өзара тәжірибе алмасып, өз топтарындағы жұмыстарын көрсетті.

Әдіскер Базарбасва З.И. «Мектепке дейінгі мекемеде инклюзивті тәрбиені ұйымдастыру» тақырыбында педагогтерге кеңестер берді.

Педагогтер арасында психологиялық тренинг жүргізілді.

Шешім:

1. 2022-2023 оқу жылының І- педагогикалық кеңесі отырысында қабылданған шешімдер «орындалды» деп қорытындылансын
2. Тәрбиеленушілеріміздің денсаулығын сақтау, нығайту бойынша жұмыстар барлық бағыттарда толыққанды жүргізілсін
3. Барлық педагогтер өз білімі мен біліктілігін жетілдіру мақсатында жүйелі түрде жұмыс жасасын

Педагогикалық кеңес төрағасы:
Хатшы:



Жанжигитова Ф.Ж.
Калиева К.Ж.

**«Ақтөбе қаласының білім бөлімі» ММ
«№24 «Аққу» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК
2022-2023 оқу жылының
ІІІ – педагогикалық кеңес отырысы
Хаттама №3**

Өткізілген күні: 31.01.2023 ж.

Қатысқаны: 13

Қатыспағаны: жоқ

Тақырыбы: «Педагогикалық ұжымның оқу жылының бірінші жартыжылдығындағы жұмысының қорытындысы»

Күн тәртібінде:

1. «№24 «Аққу» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК - ның ІІ – педагогикалық кеңес отырысында шығарылған шешімдердің орындалуы бойынша қорытынды
2. Оқу жылының І - жартыжылдығында жасалған жұмыстарды қорытындылау
3. Балалардың біліктері мен дағдыларының дамуы бойынша жүргізілген мониторинг қорытындысы
4. Педагогтердің оқу жылының бірінші жартыжылдығындағы жүргізілген жұмыстарының есебі
5. Психологиялық тренинг

«№24 «Аққу» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК – ның меңгерушісі Жанжигитова Ф.Ж. ІІІ - педагогикалық кеңес отырысын аша отырып, күн тәртібімен таныстырды. 2022-2023 оқу жылының ІІ- педагогикалық кеңесінің отырысында қабылданған шешімдердің орындалуын қорытындылады.

Әдіскер Базарбаева З.И. слайд көрсете отырып, 2022-2023 оқу жылының І-жартыжылдығында жасалған жұмыстарды қорытындылады. Осы мерзімде педагогтердің қатысқан біліктілік арттыру курстары, жариялаған басылымдары, педагогтер мен тәрбиеленушілердің қатысқан байқаулары, өткізілген шаралар ітап көрсетілді.

Әдіскер Базарбаева З.И. педагогтермен бірге «Балаларды ерте дамыту институтының» Ғылыми-әдістемелік кеңесінде каралып, 2023 жылғы 5 қаңтардағы №1 хаттамалық шешіміне сәйкес ұсынылған Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Үлгілік оқу бағдарламасын меңгеру бойынша мониторинг жүргізудің әдістемелік ұсынымдары талқыланып, түсіндірілді. Және де қыркүйек және қаңтар айларында жүргізілген Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын игеру бойынша балалардың біліктері мен дағдыларының дамуына жүргізілген мониторинг қорытындысымен таныстырды, балалардың жеке даму карталары талқыланды. Тәрбиеші Калиева К.Ж. «Алақай» ортаңғы тобының балаларының дамуына жүргізген мониторингін көрсетті, балалармен жүргізілген жеке жұмыстармен таныстырды.

Педагогтер І-жартыжылдықта жүргізген жұмыстарының есебін берді.

Психолог педагогтермен психологиялық тренинг өткізді.

Шешім:

1. 2022-2023 оқу жылының II-педагогикалық кеңесінің отырысында қабылданған шешімдер «орындалды» деп қорытындылансын.
2. Балабақшаның 2022-2023 оқу жылының I-жартыжылдығында жүргізген жұмысы «жақсы» деп бағалансын.
3. Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын игеру бойынша балалардың біліктері мен дағдыларының дамуын әлі де жақсарту мақсатында жұмыстар күшейтілсін.
4. Педагогтердің өз білімін жетілдіру жұмыстары жалғастырылсын.

Педагогикалық кеңес төрайымы:

Хатшы:



Жанжигитова Ф.Ж.

Калиева К.Ж.

«№24 «Аққу» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК

2022-2023 оқу жылының

IV – педагогикалық кеңес отырысы

Хаттама №4 көшірмесі

Өткізілген күні: 01.02.2023 ж.

Төрағасы: меңгеруші Жанжигитова Ф.Ж.

Хатшы: Калиева К.Ж.

Қатысқандар: 12 адам

Күн тәртібінде:

1. Педагогтерге біліктілік санаттарын беру (растау) туралы

Тыңдалды:

«№24 «Аққу» бөбекжай - балабақшасы» МКҚК-ның меңгерушісі Жанжигитова Ф. келесі педагогтердің біліктілік санаттарын беруге үміткер ретінде ұсынылып отырылғанын айтты, әр педагогтің портфолиоларын талдады:

1. Базарбаева Зинаида Игоревна –әдіскер лауазымы бойынша «педагог-сарапшы» біліктілік санатын алуға үміткер. Білімі жоғары, мамандығы мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеу, педагогикалық еңбек өтілі – 21 жыл, әдіскер қызметінде еңбек өтілі- 7 жыл. «Өрлеу» БАҰО біліктілік арттыру курсынан 2021 жылы өтті. «Самғау», «Білім нәрі» Республикалық ғылыми-әдістемелік журналдарына, ғылыми-тәжірибелік конференциялар материалдарының жинақтарына мақалалары жарияланды. Үш қалалық, екі облыстық деңгейде мектепке дейінгі ұйымдардың педагогтеріне арналған семинар-практикумдарда іс-тәжірибелерімен бөлісті. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің атынан Құрмет грамотасымен марапатталды. «Цифрлық ғасыр ұстазы» атты облыстық байқауға қатысып, III дәрежелі диплом алды. Облыстық ғылыми-тәжірибелік орталығының ұйымдастыруымен өткен олимпиадаға қатысып, III дәрежелі дипломға ие болды. Республикалық «Ел жүрегі-Нұр-Сұлтан» атты эссе жазу байқауынан I дәрежелі диплом алды. Тағы да басқа осындай байқаулардан алған марапаттары бар.

Педагогикалық әдеп принциптерін сақтайды. Білім беру процесінің қатысушыларына қатысты моральдық және психикалық қысым жасау әдістерін қолдануға жол бермейді. Адамның құқығын, абыройы мен қадір-қасиетін құрметтейді.

2. Симанова Шолпан Кадировна - тәрбиеші лауазымы бойынша «педагог-модератор» біліктілік санатын алуға үміткер. Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі мамандығы бойынша жоғары білімі бар. Және де мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеу мамандығы бойынша арнаулы орта білімі бар, 2017 жылы Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту мамандығы бойынша қайта даярлау курсынан өтті. Педагогикалық еңбек өтілі – 30 жыл. «Өрлеу» БАҰО біліктілік арттыру курсынан 2018 жылы өтті, 2023 жылдың 06-16 ақпан аралығында қайта курстан өтуге тіркеліп қойды. «Самғау», «Білім нәрі» Республикалық ғылыми-әдістемелік журналдарына, «Ақтөбе ұстазы» облыстық газетіне, ғылыми-тәжірибелік конференциялар материалдарының жинақтарына мақалалары жарияланды. Облыстық деңгейде мектепке дейінгі ұйымдардың педагогтеріне арналған семинар-практикумда іс-тәжірибелерімен бөлісті. Тәрбиеленушілері «ПОНИ» халықаралық байқауы, «Ілияс оқулары», «Қыс ғажайыптары», «Алтын күз», «Ең үздік құттықтау» сияқты байқауларға қатысып, жүлделі орындарға ие болды. «Үздік бейнеролик», «Үздік ашық сабақ» сияқты байқаулардан дипломдармен марапатталды.

Педагогикалық әдеп принциптерін сақтайды. Өзінің кәсіби шеберлігін үздіксіз жетілдіреді, өз бетінше білім алу және өзін-өзі жетілдірумен белсенді түрде айналысады. Еңбек тәртібін бұлжытпай сақтайды. Білім беру ұйымының мүлкіне ұқыпты қарайды. Білім беру процесінің қатысушыларына кәсіби қолдау көрсетеді.

3. Көшербаева Гулназым Бакытқызы - тәрбиеші лауазымы бойынша «педагог-сарапшы» біліктілік санатын алуға үміткер. Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту мамандығы бойынша жоғары білімі бар. Педагогикалық еңбек өтілі – 21 жыл. «Өрлеу» БАҰО біліктілік арттыру курсынан 2022 жылы өтті. «Самғау», «Білім нәрі» Республикалық ғылыми-әдістемелік журналдарына, «Ақтөбе ұстазы» облыстық газетіне, ғылыми-тәжірибелік конференциялар материалдарының жинақтарына мақалалары жарияланды. Екі облыстық деңгейде мектепке дейінгі ұйымдардың педагогтеріне арналған семинар-практикумда іс-тәжірибелерімен бөлісті. Тәрбиеленушілері «Ұлы Жеңіске тарту», «ПОНИ» халықаралық байқауы, «Ілияс оқулары», «Қыс ғажайыптары», «Алтын күз», «Ең үздік құттықтау» сияқты байқауларға қатысып, жүлделі орындарға ие болып, педагог Алғыс хатпен марапатталды. «Үздік бейнеролик», «Үздік ашық сабақ» сияқты байқаулардан дипломдар алды.

Педагогикалық әдеп принциптерін сақтайды. Өзінің кәсіби шеберлігін үздіксіз жетілдіреді. Еңбек тәртібін бұлжытпай сақтайды. Білім беру ұйымының мүлкіне ұқыпты қарайды. Педагог жалпы адами құндылықтардың басымдылығын мойындай отырып, әрбір адамның

ерекшелігіне, қадір-қасиетіне құрметпен қарайды.

4. Ташрапова Алия Мухамбеткалиевна - тәрбиеші лауазымы бойынша «педагог-сарапшы» біліктілік санатын алуға үміткер. Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту мамандығы бойынша жоғары білімі бар. Педагогикалық еңбек өтілі – 29 жыл. «Өрлеу» БАҰО біліктілік арттыру курсынан 2021 жылы өтті. «Самғау», «Білім нәрі» Республикалық ғылыми-әдістемелік журналдарына, «Ақтөбе ұстазы» облыстық газетіне, ғылыми-тәжірибелік конференциялар материалдарының жинақтарына мақалалары жарияланды. Үш облыстық, бір қалалық деңгейде мектепке дейінгі ұйымдардың педагогтеріне арналған семинар-практикумда іс-тәжірибелерімен бөлісті. Тәрбиеленушілері «Ұлы Жеңіске тарту», «ПОНИ» халықаралық байқауы, «Дарынды бала», «Қыс гажайыптары», «Алтын күз» сияқты байқауларға қатысып, жүлделі орындарға ие болып, педагог Алғыс хатпен марапатталды. Облыстық ғылыми-тәжірибелік орталығының ұйымдастыруымен өткен олимпиадаға қатысып, III дәрежелі дипломға ие болды, «Үздік ашық сабақ», «Үздік мектепке дейінгі ұйым қызметкері» сияқты байқаулардан дипломдар алды.

Педагогикалық әдеп принциптерін сақтайды. Педагог кәсіптің беделі туралы ойлайды, әріптестерінің абыройы мен қадір-қасиетін құрметтейді, педагогтің беделіне нұқсан келтіретін іс-әрекеттерге жол бермейді. Өзінің кәсіби шеберлігін үздіксіз жетілдіреді. Еңбек тәртібін бұлжытпай сақтайды. Білім беру ұйымының мүлкіне ұқыпты қарайды.

5. Карамульдина Жанагуль Игликовна - тәрбиеші лауазымы бойынша «педагог-модератор» біліктілік санатын алуға үміткер. Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту мамандығы бойынша жоғары білімі бар. Педагогикалық еңбек өтілі – 18 жыл. «Өрлеу» БАҰО біліктілік арттыру курсынан 2021 жылы өтті. «Самғау», «Білім нәрі» Республикалық ғылыми-әдістемелік журналдарына, «Ақтөбе ұстазы» облыстық газетіне, ғылыми-тәжірибелік конференциялар материалдарының жинақтарына мақалалары жарияланды. Облыстық, қалалық деңгейде мектепке дейінгі ұйымдардың педагогтеріне арналған семинар-практикумда іс-тәжірибелерімен бөлісті. Тәрбиеленушілері «Ұлы Жеңіске тарту», «ПОНИ» халықаралық байқауы, «Ілияс оқулары», «Қыс гажайыптары», «Алтын күз» сияқты байқауларға қатысып, жүлделі орындарға ие болып, педагог Алғыс хатпен марапатталды. «Үздік ашық сабақ», «Үздік мектепке дейінгі ұйым қызметкері» сияқты байқаулардан дипломдар алды.

Педагогикалық әдеп принциптерін сақтайды. Педагог кәсіптің беделі туралы ойлайды, әріптестерінің абыройы мен қадір-қасиетін құрметтейді, педагогтің беделіне нұқсан келтіретін іс-әрекеттерге жол бермейді. Өзінің кәсіби шеберлігін үздіксіз жетілдіреді. Еңбек тәртібін бұлжытпай сақтайды. Тәрбиеленушілерді жоғары адамгершілік рухына,

ата-аналарына құрмет көрсетуге, қоршаған әлемге ұқыпты қарауға тәрбиелеуге мүмкіндік жасайды.

6. Утенова Жанаргул Нурдировна - тәрбиеші лауазымы бойынша «педагог-модератор» біліктілік санатын алуға үміткер. Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту мамандығы бойынша жоғары білімі бар. Педагогикалық еңбек өтілі – 16 жыл. «Өрлеу» БАҰО біліктілік арттыру курсынан 2022 жылы өтті. «Самғау», «Білім нәрі» Республикалық ғылыми-әдістемелік журналдарына, ғылыми-тәжірибелік конференциялар материалдарының жинақтарына мақалалары жарияланды. Облыстық деңгейде мектепке дейінгі ұйымдардың педагогтеріне арналған семинар-практикумда іс-тәжірибелерімен бөлісті. Тәрбиеленушілері «ПОНИ» халықаралық байқауы, «Қыс ғажайыптары», «Алтын күз» сияқты байқауларға қатысып, жүлделі орындарға ие болып., педагог дипломдармен, алғыс хатпен марапатталды.

Педагогикалық әдеп принциптерін сақтайды. Өзінің кәсіби шеберлігін үздіксіз жетілдіреді. Еңбек тәртібін бұлжытпай сақтайды. Білім беру ұйымының мүлкіне ұқыпты қарайды. Педагог жалпы адами құндылықтардың басымдылығын мойындай отырып, әрбір адамның ерекшелігіне, қадір-қасиетіне құрметпен қарайды.

7. Абдиреева Толғанай Оразгалиевна - тәрбиеші лауазымы бойынша «педагог-модератор» біліктілік санатын алуға үміткер. Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту мамандығы бойынша жоғары білімі бар. Педагогикалық еңбек өтілі – 25 жыл. «Өрлеу» БАҰО біліктілік арттыру курсынан 2021 жылы өтті. «Самғау», «Білім нәрі» Республикалық ғылыми-әдістемелік журналдарына, ғылыми-тәжірибелік конференциялар материалдарының жинақтарына мақалалары жарияланды. Облыстық деңгейде мектепке дейінгі ұйымдардың педагогтеріне арналған семинар-практикумда іс-тәжірибелерімен бөлісті. Тәрбиеленушілері «ПОНИ» халықаралық байқауы, «Қыс ғажайыптары», «Алтын күз» сияқты байқауларға қатысып, жүлделі орындарға ие болып., педагог дипломдармен, алғыс хатпен марапатталды.

Педагогикалық әдеп принциптерін сақтайды. Педагог кәсіптің беделі туралы ойлайды, әріптестерінің абыройы мен қадір-қасиетін құрметтейді, педагогтің беделіне нұқсан келтіретін іс-әрекеттерге жол бермейді.

Осы педагогтердің электрондық портфолиолары каралып, келесі шешім шығарылғанын айтты.

Шешім:

1. Біліктілік санатын беруге ұсынылады:
Базарбаева Зинаида Игоревна - әдіскер лауазымы бойынша «педагог-сарапшы» біліктілік санатына;
Симанова Шолпан Кадировна - тәрбиеші лауазымы бойынша «педагог-модератор» біліктілік санатына;
Көшербаева Гулназым Бакытқызы - тәрбиеші лауазымы бойынша «педагог-сарапшы» біліктілік санатына;
Ташранова Алия Мухамбеткалиевна - тәрбиеші лауазымы бойынша «педагог-сарапшы» біліктілік санатына;
Карамульдина Жанагуль Игликовна - тәрбиеші лауазымы бойынша «педагог-модератор» біліктілік санатына;
Утенова Жанаргул Нурлановна - тәрбиеші лауазымы бойынша «педагог-модератор» біліктілік санатына;
Абдиреева Толганай Оразгалиевна - тәрбиеші лауазымы бойынша «педагог-модератор» біліктілік санатына.
2. Осы педагогтердің тарапынан аттестаттау комиссияларына өтініш берілсін

Педагогикалық кеңес төрағасы:
Хатшы:



Жанжигитова Ф.Ж.
Калиева К.Ж.

«№24 «Аққу» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК
2022-2023 оқу жылының
педагогикалық кеңес отырысы
Хаттама №5 көшірмесі

Өткізілген күні: 08.02.2023 ж.

Төрағасы: меңгеруші Жанжигитова Ф.Ж.

Хатшы: Калнева К.Ж.

Қатысқандар: 12 адам

Күн тәртібінде:

1. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №486 бұйрығымен бекітілген Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын талдау
2. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің 2022 жылғы 27 желтоқсандағы №12 бұйрығымен бекітілген «Білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және жүргізу бойынша әдістемелік ұсынымдарды талқылау
3. Мемлекеттік аттестаттау алдындағы білім беру ұйымының өзін-өзі бағалауын жүргізу үшін Комиссия құру
4. Өртүрлі мәселелер

Тыңдалды:

1. «№24 «Аққу» бөбекжай - балабақшасы» МКҚК-ның меңгерушісі Жанжигитова Ф.Ж. «Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті Ақтөбе облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті» мемлекеттік мекемесінің 2022 жылғы 29 қарашада бекітілген 2023 жылы мемлекеттік аттестаттаудан өтетін білім беру ұйымдарының тізімі бойынша біздің мекеме 2023 жылдың мамыр айында мемлекеттік аттестаттаудан өтетінін айтты. Осыған байланысты кезектен тыс педагогикалық кеңес отырысын аша отырып, күн тәртібімен таныстырды.

Меңгеруші Жанжигитова Ф.Ж. педагогтермен бірге Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №486 бұйрығымен бекітілген Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын талдады. Соның ішінде, 1 параграф Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарының барлық тармақтарына тоқталып, талқылады. Және же бағалау өлшемшарттарының 1,4 қосымшаларын қарастырды.

2. Менгеруші Жанжигитова Ф.Ж. педагогтермен бірге Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің 2022 жылғы 27 желтоқсандағы №12 бұйрығымен бекітілген «Білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және жүргізу бойынша әдістемелік ұсынымдарды талқылады. Мемлекеттік аттестаттаудың алдындағы білім беру ұйымының өзін-өзі бағалау кезеңдерін талқылай отырып, 1,2,3,4,5 қосымшаларға тоқталды. Қосымшаларда берілген әр кестенің толтырылуы бойынша нұсқамалар берілді.
3. «№24 «Аққу» бөбекжай - балабақшасы» МКҚК-ның менгерушісі Жанжигитова Ф.Ж. мемлекеттік аттестаттау алдындағы білім беру ұйымының өзін-өзі бағалауын жүргізу үшін Комиссия құруды ұсынды. Педагогтермен бірге келісе отырып, келесі құрамда комиссия құрылды:
 1. Жанжигитова Фарида Жолдыбаевна – «№24 «Аққу» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК менгерушісі, комиссия төрағасы;
 2. Базарбаева Зинаида Игоревна – «№24 «Аққу» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК әдіскері;
 3. Симаинова Шолпан Кадировна – «№24 «Аққу» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК тәрбиешісі;
 4. Көшербаева Гулназым Бақытқызы – «№24 «Аққу» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК тәрбиешісі;
 5. Ташранова Алия Мухамбеткалиевна – «№24 «Аққу» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК тәрбиешісі.«№24 «Аққу» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК менгерушісі, комиссия төрағасы Жанжигитова Ф.Ж. Бағалау өлшемшарттарына сәйкес білім беру ұйымының өзін-өзі бағалауын жүргізу бойынша комиссия мүшелеріне нақты тапсырмалар беріп, өзін-өзі бағалау құрылымын түсіндірді.
4. Мемлекеттік аттестаттауға ұсынылатын барлық құжаттар талқыланды.

Шешім:

1. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №486 бұйрығымен бекітілген «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары», Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің 2022 жылғы 27 желтоқсандағы №12 бұйрығымен бекітілген «Білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және жүргізу бойынша әдістемелік ұсынымдар» басылымға алына отырып, мемлекеттік аттестаттаудың алдындағы білім беру ұйымының өзін-өзі бағалауы жүргізілсін.

2. Мемлекеттік аттестаттау алдындағы білім беру ұйымының өзін-өзі бағалауын жүргізу үшін келесі құрамдағы Комиссия бекітілсін:
 1. Жанжигитова Фарид Жолдыбаевна – «№24 «Ақсу» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК меңгерушісі, комиссия төрағасы;
 2. Базарбаева Зинаида Игоревна – «№24 «Ақсу» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК әдіскері;
 3. Симанова Шолпан Кадировна – «№24 «Ақсу» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК тәрбиешісі;
 4. Көшербаева Гулназым Бақытқызы – «№24 «Ақсу» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК тәрбиешісі;
 5. Ташранова Алия Мұхамбеткалиевна – «№24 «Ақсу» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК тәрбиешісі.
3. Өзін-өзі бағалау құрылымы толық сақталып, қорытынды барлық талаптарға сай жасалсын.
4. Мемлекеттік аттестаттауға қажетті материалдар толық дайындалсын.

Педагогикалық кеңес төрағасы:

Хатшы:



Жанжигитова Ф.Ж.

Калиева К.Ж.